ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 01 желтоқсандағы Іс №2713-23-00-2/2777 Орал каласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Хайруллина У.Е.
азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«СЕКОН и КО» Аубекеров Сердыгали Мергалиевич жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

«СЕКОН и КО» Аубекеров Сердыгали Мергалиевич жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«СЕКОН и КО» Аубекеров Сердыгали Мергалиевич жеке кәсіпкерінен (ЖСН 880501302468) мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Хайруллина У.Е.**

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 02.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.01.2024, судья Хайруллина У. Е., 16.01.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство